

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің 2019 жылғы
5 қыркүйектегі № 230
қаулысымен бекітілді



**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жәлел Қизатов атындағы жоғары
ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық мемлекеттік
қазыналдық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

Покровка ауылы

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жәлел Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы коллежі» коммуналдық мемлекеттік казыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) коммерциялық ұйым, мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-күқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Есіл ауданының білім беру мемлекеттік мекемелері туралы» Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2004 жылғы 6 тамыздағы № 125 каулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.

Құрылтайшының заңды мекенжайы:

150011, Солтүстік Қазақстан облысы

Петропавл қаласы

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тиісті саласының уәкілетті органы) болып табылады.

Тиісті саласының уәкілетті органының заңды мекенжайы:

150011, Солтүстік Қазақстан облысы

Петропавл қаласы

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

6. Кәсіпорынның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жәлел Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы коллежі» коммуналдық мемлекеттік казыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: коммунальное государственное казенное предприятие «Высший сельскохозяйственный колледж имени Жалела Кизатова» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

7. Кәсіпорынның орналаскан жері:

Қазақстан Республикасы,

Солтүстік Қазақстан облысы,

150513, Есіл ауданы,

Покровка ауылы,

Строительная көшесі, 49 а.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелғен сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтанбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланктері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуғе жататын азаматтық-құқыктық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалған деп есептеледі.

12. Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде Құрылтайшы тиісті бюджет каражатымен оның міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапты болады.

Кәсіпорынның тиісті қаржылық жылға бекітілғен қаржыландыру жоспарынан асатын шарттық міндеттемелерді қабылдауына тыйым салынады.

13. Кәсіпорын негізгі орта жалпы орта білім, орта білімнен кейінгі білім негізінде, жалпы орта білім немесе техникалық және қәсіптік білім негізінде техникалық және қызмет көрсету саласында білікті кадрларды даярлау жөніндегі техникалық және қәсіптік білім берудің жалпы орта және интеграцияланған модульдік бағдарламаларын іске асыратын білім берудің коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып табылады, заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттерін пайдаланады.

Кәсіпорын техникалық, қызмет көрсету және басқарушылық жұмыс мамандарын қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға, сондай-ақ білім алушылардың қызығушылығын, бейімін және кабілетін ескере отырып, бейіндік оқытуды жүргізуге құқылы.

Тиісті бейіннің өндірістік учаскесі (оку-тәжірибелік шаруашылық) болған жағдайда, Кәсіпорын мамандардың біліктілігін тәуелсіз сертификаттауды ұйымдастырудың қолданыстағы тәртібіне сәйкес қәсіптік қызметтің жекелеген түрлерінің аясында жұмыстарды орындауға қойылатын біліктілік деңгейінің сәйкестік дәрежесін анықтауга құқылы.

14. Кәсіпорындағы білім беру процесі мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілуі мүмкін.

15. Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

16. Кәсіпорында саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құру және олардың қызметіне жол берілмейді.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

17. Кәсіпорын қызметінің мәні техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім берудің интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламасы бойынша оку процесін үйімдастыру, білім беру қызметіп көрсету, ұлттық және жалпы адамгершілік құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке тұлғаны дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған техникалық және кәсіптік білім алуға және орта білімнен кейінгі білім алуға қажетті жағдай жасау болып табылады.

18. Кәсіпорын қызметінің мақсаты Қазакстан Республикасының мамандарға деген әлеуметтік-экономикалық сұранысын, сондай-ақ азаматтардың таңдаған қызмет саласындағы зияткерлік, мәдени, білім және кәсіптік дамуын қанағаттандыру, бюджеттік және басқа да қаржыландырудың балама қаражатын барынша тиімді пайдалану, оку-материалдық базаны дамыту және нығайту болып табылады.

19. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті жұмысшылар даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау, босатылған қызметкерлерді, жұмыспен қамтылмаған халықты даярлау және қайта оқыту;

2) жоғары кәсіптік, сол сияқты жалпы білім беру даярлығының да жоғары сапасын қамтамасыз ету;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндігін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салтының берік неғіздерін қалыптастыру;

4) азаматтық пен патриотизмді, өз Отаны Қазакстан Республикасына деген отансүйіштікті, Мемлекеттік рәміздерді қадір тұтуды, халықтық салт-дәстүрлерді құрметтеуді дамыту;

5) республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне катысу қажеттілігін қалыптастыру;

6) әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халқының тарихын, әдет-ғұрпты мен салт-дәстүрін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс және шет тілдерін меңгеру;

7) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру;

8) мемлекеттік білім беру стандарттарына жауап беретін мерзім мен деңгейде оку жоспарлары мен бағдарламалары бойынша оқыту;

9) оку, әдістемелік, консультациялық және ғылыми материалдарды (оку жоспарлары, оку құралдары, қонспект, бағдарлама, дәрістер және т.б.) әзірлеу, басып шығару және іске асыру;

10) конференциялар, семинарлар, қөрмелер үйімдастыру және өткізу;

11) кәсіпорын мамандарының біліктілігін тәуелсіз сертификаттауы үйімнен қолданыстағы тәртібіне сәйкес кәсіптік қызметтің жекелеген түрлері аясында жұмыстарды орындауға қойылатын біліктілік деңгейінің сәйкестік дәрежесін анықтайды.

20. Кәсіпорын жалпы білім беретін мектептерге қасінтік бағдар беруде, мектеп оқушыларын еңбекке оқыту және тәрбиелеуде жәрдем көрсетеді, мектеп оқушыларының еңбекке оқыту, қоғамдық және пайдалы еңбегі үшін оку-өндірістік шеберханаларды белгіленген тәртіпте ұсынады.

21. Кәсіпорын түсsetін талапкерлер үшін дайындық курсын ашуға құқылы. Бұл курстар өз қызметін өзін-өзі өтеушілік қағидатында жүзеге асырады.

22. Кәсіпорын өз қызметін бюджет қаржысы есебінен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін ақылы қызмет көрсетуден түскен кіріс есебінен, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес күндізгі немесе сырттай оқыту нысандарында жүзеге асырады.

23. Кәсінорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ағаш дайындау, ағаш өндеу, ауыл шаруашылығы дақылдарын егу, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеу және басқа да қызмет түрлерін жүргізу кезінде оқу-өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқылы.

24. Кәсіпорын мемлекет алдында студенттің әлеуметтік қорғалуына жауапты болады, білім алушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға кепілдік беретін жағдайлар жасайды.

25. Кәсіпорын отандық және шетелдік қәсіпорындармен, оқу орындарымен, ұйымдар және фирмалармен заңнамада белгіленген тәртіпте тікелей байланыс орнатуға құқылы.

26. Кәсіпорын студенттерге медициналық қызмет көрсетуге берілген лицензияға сәйкес алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитарлық көмек көрсетеді.

27. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

28. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы, не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі Тиісті саланың үәкілетті органының немесе Құрылтайшының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

29. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорын жарғысын, оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекітеді;

3) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті қөлемдерін айқындауды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарын және олардың орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

- 5) Кәсішорынның даму жоспарының орындалуын талдауды және бақылауды жүзеге асырады;
- 6) коммуналдық мүлкіті Кәсіпорынға бекітеді;
- 7) Кәсішорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді;
- 8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;
- 9) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануды және сактауды бақылауды қамтамасыз етеді;
- 10) Кәсіпорынның мүлкін есепке алууды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 11) Кәсіпорынның енбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді.

30. Тиісті саланың уәкілетті органы:

- 1) Кәсіпорынға қызмет көрсетуге арналған сметаны (шығын жоспары) бекітеді;
- 2) Кәсіпорынның басқару органдының құрылымын, құрылуды тәртібі мен өкілеттік мерзімін, шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 3) Кәсішорын басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздеріш айқындайды;
- 4) Кәсіпорынның құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 5) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде аяқтаған адамдарды жұмысқа орналастыруға ықпал етеді.

31. Кәсіпорынды басқарудың алқалы органдары Педагогикалық кеңес, Қамқорлық кеңесі болып табылады.

32. Кәсіпорынды басқару органы директор болып табылады.

33. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсішорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

34. Директор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіспен тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша орынбасарларын қызметке тағайындауды және босатады.

35. Кәсіпорынның директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше қарастырылмаса, Кәсіпорын қызметшің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіше сәйкес дербес шешеді.

36. Кәсішорын директоры:

- 1) Кәсішорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
- 2) басқарма құрылымы мен шекті штаттық санын, білім беру ұйымы қызметкерлершің лауазымдық нұсқаулығын бекітеді;

3) білім алушылардың контингентін қалыптастырады, оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді;

4) техникалық және кәсіптік білім беру үйымында қоғамдық тамактану, медициналық қызмет көрсету жұмысы үшін қажетті жағдай жасауды және олардың жұмысын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) жұмыс берушілермен және әлеуметтік серіктестермен жұмысты үйлестіреді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте Кәсіпорын мүлкіне және қаржатына иелік етеді, оқу-материалдық базаның есебін, сақталуын және толыктырылуын, санитарлық-гигиеналық режим қағидасын сақтауды қамтамасыз етеді;

7) материалдық-техникалық базаны қайта жараптандыруды және қайта үйымдастыруды қамтамасыз етеді;

8) педагогикалық кеңес жұмысына басшылық етеді;

9) білім беру үйымдарында білім беру қызметтерінің аясын қенейту және қолдау мақсатында білім берудің инновациялық технологияларын тартуды және енгізу ді қамтамасыз етеді;

10) кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың кәсіби шеберлігін және біліктілігін көтеруге жағдай жасайды;

11) білім беру үйымдарымен үзіліссіз қәсіптік оқыту бойынша бірге жұмыс істеуде жалпы басшылықты жүзеге асырады;

12) жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдармен) жұмысты үйлестіреді;

13) білім беру үйымын жоғары тұрған, когамдық және басқа да үйымдарда ұсынады;

14) әлеуметтік серіктестікті және халықаралық ынтымақтастықты қенейту шараларды жүзеге асырады;

15) Тиісті саланың уәкілетті органына оқу, ғылыми және қаржы қызметтерінің, нәтижесі туралы жыл сайын есептерді ұсынады;

16) еңбекті қоргау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындауды қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек жағдайын жасайды;

17) шарттар жасасады және басқа да мәмілелер жасайды;

18) сенімхаттар береді;

19) банк шоттарын ашады;

20) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұскаулар береді;

21) Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше қөзделмесе, оларды жазаға тартады;

22) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

23) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшылық

қызметкерлерінің күзыретін белгілейді;

24) ерлер мен әйелдердің тен құқықтарының және тен мүмкіндіктерінің мемлекеттік қепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

25) Кәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлықка қарсы заңнаманы сақтауына дербес жауапты болады

26) мынаған дербес жауапты:

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мұлкінің сақталуына; бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақтылы аударылмауына.

37. Кәсіпорын директоры Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіpte мынаған жауапты:

1) білім беру үйымының білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқығы мен бостандығының бұзылмауына;

2) өз күзыретіне жататын функцияларды орындауға;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының бұзылмауына;

4) оқу және тәрбие процесі уақытында білім беру үйымының білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне;

5) қаржылық-шаруашылық қызмет жағдайына, сонын ішінде материалдық және ақшалай қаражаттарды мақсатсыз пайдалану жағдайына;

6) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлықка қарсы іс-қимылды үйымдастыруға.

38. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оналту рәсімі қолданылған, сондай-ақ оналту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіpte уақытша, банкроттық немесе оналту басқарушысы тағайындалған жағдайда, оларды басқару жөніндегі өкілеттіктердің барлығы, тиісінше уақытша, банкроттық немесе оналту басқарушысына беріледі.

5. Білім беру процесін үйымдастыру

39. Кәсіпорындағы білім беру процесін үйымдастыру «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады және келесі білім берудің оку бағдарламалары іске асырылады:

1) техникалық және кәсіптік білім берудің интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламалары және бакалавриат бағдарламалары. Интеграцияланған білім беру бағдарламалары Кәсіпорынмен өзірленеді. Білім беру бағдарламаларының мазмұны Техникалық және қәсіптік білім берудің интеграцияланған, модульдік бағдарламаларын және бакалавриат бағдарламаларын зерделеуді қарастырады;

2) қәсіптік техникалық және қызмет көрсету енбегі бойынша бұқаралық мамандығы бар кадрларды дайындау;

3) күрделі (аралас) мамандықтарды және жоғары технологиялармен және қәсіби қызметпен байланысты экономиканың барлық саласындағы жұмысты

орындаудың практикалық дағдысын меңгерту;

4) орта білімнен кейінгі кәсіштік оку бағдарламалары.

40. Оку процесіне теориялық сабактар мен әлеуметтік серіктестерді тартумен өндірістік оку шеберлерінің және (немесе) арнайы пәндер оқытушыларының жетекшілігімен оку-өндірістік шеберханаларда, оқыту шаруашылықтарында және оқыту полифондарында орындалатын өндірістік оқулар жатады.

41. Кәсіпорын қолданыстағы кәсіштер мен мамандықтар тізбесі неғізінде енбек нарығының сұранысын ескере отыра, жаңа мамандықтар бойынша кадрлар дайындығын жедел өрістетуге құқылы.

42. Кәсіпорын өз мүмкіндіктеріне қарай және студенттердің сұранысы бойынша оку (зерделеу) тілін өздігінен айқындайды.

43. Кәсіпорында оку жылы 1 қыркүйекте басталып, 1 шілдеден кешікпей аяқталады.

44. Оку топтары мамандықтар бойынша 25 адамнан аспай жинақталады. Студенттердің апталық жүктемесі оку жоспарымен белгіленеді.

Толық оку жылындағы каникулдың ұзақтығы 10 аптадан кем болмауы тиіс. Жұмысшы кадрларды дайындауды және қайта дайындауды тапсырысшы жұмыс берушілер қаражатының есебішен қаржыландыру кезінде оку топтарының толығуын Кәсіпорын шартқа сәйкес айқындайды.

45. Кәсіпорында теориялық және өндірістік оқытууды ұйымдастырудың неғізге нысаны сабак болып табылады. Сонымен қатар, дәрістер, семинар сабактар, әңгімелесулер, консультациялар, өздік және зертханалық-практикалық, факультативтік сабактар өткізіледі.

46. Қазақ тілі мен шет тілдерін, информатика пәнін оқыту, сондай-ақ зертханалық және практикалық сабактар өткізу кезінде 20 және одан да көп адамнан құралған оку тобы 12-13 адамнан аспайтын шағын топтарға бөлінуі мүмкін. Теориялық оқыту сабағының ұзақтығы 45 минут, қажеттілігіне қарай пәндер бойынша 2 сабактан кейін 5-10 минуттық үзіліспен қосарланған сабактар өткізуі мүмкін.

47. Өндірістік оқытууды жүргізу мақсатында Кәсіпорын оку шаруашылықтарын және оку полифондарын ұйымдастырады.

48. Студенттер өндірістік практикасы Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында өтеді. Оку практикасы Кәсіпорынның оку-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында, полифондарында жүзеге асырылады. Оку жұмыс жоспарлары әлеуметтік серіктестермен келісіледі.

49. Бағдарламаны табысты игеру, білім, білік, дағды сапасы бес балдық жүйе бойынша бағаланады: 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз).

Орта білімнен кейінгі біріктіліген бағдарламаларды іске асыру кезінде кредиттік бағалау жүйесі қолданылады. Кәсіпорын студенттердің ағымдағы білімш бағалаудың әртүрлі әдістері мен тәсілдеріш және оларды бақылау нысанын өздігінен белгілеуғе құқылы.

50. Кәсіпорында кәсіби дайындық дағдыларын игеруді мерзімді бақылау мақсатында Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес студенттерді кезең-кезеңмен аттестаттау жүргізіледі.

51. Бағдарлама аясындағы қарастырылған пәндер бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге берешегін жоюға жағдай жасалады.

52. Қорытынды аттестацияға оқудың толық қурсын аяқтаған, кәсіптік никлдың барлық пәндері және өндірістік оқыту бойынша жақсы баға алған студенттер жіберіледі. Студенттер белгіленген ауру тізбесіне сәйкес медициналық комиссияның анықтамасы негізінде наукастаниның байланысты емтихан тапсырудан босатылуы мүмкін.

53. Студенттерді келесі курсқа қөшіру тәртібі қолданыстағы Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес ағымдағы, аралық және қорытынды аттестация негізінде жүзеге асырылады.

54. Окуды тамамдаған студенттерге білім алғандығын қуәландыратын, мемлекеттік стандарт талаптарына сай мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

55. Кәсіпорынға оқуға қабылдау азаматтардың өтініштері бойынша конкурс негізінде жүзеге асырылады. Конкурс шарты білім алу құқығын сақтауды кепілдендіріп, тиісті деңгейдегі кәсіптік оқу бағдарламаларын игеруге қабілетті және дайын азаматтардың оқуға түсін қамтамасыз етуі тиіс.

56. Кәсіпорынға студенттерді қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын тұрпаттық қабылдау қағидасына сәйкес жүргізіледі.

57. Педагог қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының тізбесінде анықталған тұлғалар жатады.

58. Педагогикалық қызметпен айналысуға тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар жіберіледі.

59. Кәсіпорынға қызмет атқаруға сот үкімімен немесе медициналық қорытынды бойынша педагогикалық қызметке тыым салынған, сондай-ақ занда белгіленген тәртіpte сотты болуының мерзімі өтелмеген немесе алып тасталмаған тұлғалар жіберілмейді.

60. Кәсіпорын қызметкері және әкімшілік арасындағы қатынас қолданыстағы Қазақстан Республикасының енбек заннамасына сәйкес жасалған енбек шартымен және басқа да нормативтік актілермен реттеледі.

61. Кәсіпорындағы педагог қызметкерлер мынаған құқылы:

1) кәсіптік қызмет үшін жағдай жасай отыра, педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-экспериментальдық жұмыспен айналысуға, педагогикалық практикаға жана әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) жеке педагогикалық қызметке;

4) тиісті білім деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты талаптарын сақтаған жағдайда, педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

5) білім беру үйымын басқарудың алқалы органының жұмысына қатысуға;

6) біліктілігін ұзактығы төрт айдан асырмай бес жылда кем дегенде бір рет жоғарылатуға;

7) санатын қөтеру мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттау;

8) педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйакылар және атаулы стипендиялар түрінде моральдық және материалдық қөтермелегеуге;

9) өзінің кәсіптік ар-намысын және абыройын қорғау;

10) әскер қатарына шақыртудың мерзімін ұзартуға;

11) педагогикалық өтілін сақтай отырып, ғылыми жұмыспен айналысу үшін шығармашылық демалыс алуға;

12) білім беру үйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға.

62. Педагог қызметкерлер мынаған міндетті:

1) өзінің кәсіби құзыреті аясында тиісті теориялық және практикалық білім мен оқыту дағдысын игеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары ізгілік, ата-анасын, этномәдени құндылықтарды құрметтеу, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың бойында өмірлік дағдыларды, жан-жандылықты, дербестікті, шығармашылық қабілетті арттыруға;

5) өзінің қәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға;

6) кем дегенде бес жылда бір рет аттестаттаудан өтуге;

7) педагогикалық әдеп нормаларын сактауға;

8) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының ар-намысы мен абыройын құрметтеуге;

9) оқу тобының жетекшісі және оқу кабинетінің менгерушісі бекітілген оқу аудиториясындағы мүліктін санитарлық жағдайы мен сакталуын бақылауды жүзеге асыруы тиіс;

10) еңбек шартына, лауазымдық нұсқаулыққа, басшының бұйрықтарына және Қәсіпорын жарғысына сәйкес еңбек міндеттерін орындауға.

Педагогикалық әдеп нормалары мен міндеттерін бұзғаны үшін педагог қызметкер Казақстан Республикасының зандары мен еңбек шартында қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

63. Педағоғ кадрларды таңдау мен орналастыру жұмысын ілгеріде ынталандыру мақсатында оларға мерзімдік аттестаттау жүргізіледі, лауазымдық айлықақыны төмендету немесе көтеру, лауазымдық айлықақыға косылған үстеме ақыны өзгерту немесе алып тастау, лауазымды жоғарылату немесе қызметтен босату туралы шешімдер қабылданады.

6. Қәсіпорынның білім алушылармен, олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдермен қатынасын ресімдеу тәртібі

64. Қәсіпорынның білім алушылармен, олардың ата-аналарымен, өзге де заңды өкілдерімен қатынасын ресімдеу тәртібі қолданыстағы Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүргізіледі.

65. Қәсіпорын студенттері мынаған құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартына сәйкес тандаған мамандығы бойынша сапалы техникалық және қәсіптік білім алуға, орта білімнен кейін білім алуға;

2) білім беру ұйымы кенесінің шешімімен мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты аясында жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру оқу бағдарламаларымен оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды тандауға;

4) өз бейімділігі мен қажеттілігіне сәйкес ақылы негізінде қосымша білім беру қызметін, білім алуға;

5) білім беру ұйымын басқаруға катысуға;

6) бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан екіншісіне немесе бір оқу нысанынан басқасына ауысуға және қайта қабылдануға;

7) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

8) білім беру ұйымында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіpte акпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, окулықпен, оку-әдістемелік кешенмен және оқу-әдістемелік құралмен камтамасыз етілуғе;

9) спорт, оқу, акт залын, кітапхананы тегін пайдалануға;

10) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы ахуал туралы ақпарат алуға;

11) өз пікірі мен көзкарасын еркін білдіруге;

12) адами абырайын сыйлауға;

13) оқудағы, ғылыми және шығармашылық табыстары үшін көтермеленуге және марапатталуға;

14) оқудан бос уақытта жұмыс істеуге;

15) Қәсіпорынның өзін-өзі басқару органының жұмысына қатысуға;

16) қосымша, оның ішінде ақылы білім беру қызметін алуға;

17) Қәсіпорынның қызметін жақсарту туралы ұсыныс енгізуға.

66. Студенттер мынаған міндettі:

1) кәсіби шеберлікті, ғылым негізінің біліміп адал иғеруғе, білімін өздігінен толықтырып, оны іс жүзінде қолдана білуғе, ұжымның қоғамдық өміріне белсене қатысуға;

2) қоғамдық-пайдалы өндірістік еңбекке өз үлесін қоса отыра, оку, еңбек және өндірістік тәртіп, еңбекті қорғау мен гигиена талаптарын қатаң сақтауға;

3) мемлекет мұлкі мен меншігін сақтап, нығайтуға, табиғатты қорғауға және оның байлығын еселеуғе;

4) ішкі тәртіп қағидасын сақтауға, салауатты өмір салтын ұстануға, дene шынықтырумен айналысуға, Отан қорғауға дайындалуға;

5) оку процесі кезінде зайырлы сипаттағы киім киоғе. Түрлі конфессиялардың діни тиесілілік киімінің элементтерін киімге енғізуғе жол берілмейді;

6) маманды дайындауға арналған шартқа сәйкес шығындарды толық өтеумен, уақытында оку ақысын төлеуғе.

67. Ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды оқыту толық мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі.

68. Апattар мен зілзалаларды жою жағдайында ғана болмаса, қалған уақытта студенттерді оку кезінде оку процесіне байланысы жоқ жұмыспен айналысуға тартуға тыйым салынады.

69. Оқудағы айрықша жетістіктері мен табыстары, қоғамдық өмірге белсене қатысқаны үшін студенттерге әртүрлі моральдық және материалдық көтермелеу нысандары белгіленеді:

алғыс;

ата-анасына алғыс хат;

сыйақы;

бағалы сыйлық.

Көтермелеу нысанын Кәсіпорын басшылығы оқушылардың инженерлік-педагогикалық ұжымының ұсынысы бойынша таңдайды.

70. Кәсіпорынды аяқтаған және мемлекеттік атtestаттаудан өткен студент - түлектерге Қазақстан Республикасының белгіленген үлғідеғі кәсіптік білім мен біліктілігінің деңгейіне сәйкес құжат беріледі.

Аралық атtestаттау қорытындысы бойынша:

1) біліктілік (разряд, сынып, санат);

2) күрделі (аралас) кәсіптер бойынша біліктіліктің жоғары деңгейі беріледі.

Оку аяқталғаннан және қорытынды атtestаттаудан өткеннен кейін студенттерге «орта буын маманы», «қолданбалы бакалавр» біліктілігі беріледі.

71. Кәсіпорынның өндірістік оқыту, арнайы және жалпы техникалық пәндерден кемінде 75% алған, оку жоспарының басқа да пәндерінен қорытынды «5» (өте жақсы), ал басқа пәндерден «4» (жақсы) деғен баға алған, мемлекеттік атtestаттауды «5» (өте жақсы) деғен бағаға тапсырған және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан түлектеріне үздік үлғідеғі құжат тапсырылады.

72. Кәсіпорын кәмелетке толмаған білім алушылардың ата-аналарына және басқа да занды өкілдеріне келесі мүмкіндіктерді береді:

1) оқу және тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ балаларының үлгерімімен, мінез-құлқымен және оқу жағдайымен танысу;

2) Кәсіпорынды басқару органының жұмысына қатысуға.

73. Ата-аналар және басқа да занды өкілдер мынаған міндетті:

1) Кәсіпорынға білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуге жәрдем көрсетуге;

2) оқу орнында балалардың сабакқа келуін қамтамасыз етуге.

74. Кәсіпорынға ішімдік ішкен күйінде келгені үшін, экспертизалық тексерістен кейін қызметкерлер жұмыстан босатылады, студенттер Кәсіпорыннан шығарылады.

Казақстан Республикасының заңнамалық актілерін бұзуға бағытталған іс-әрекеттер, бұзақылыққа қасақана итермелейтін және қасақана сипаттағы жеке адамға карсы бағытталған немесе Кәсіпорынға зиян келтіретін бұзушылықтар үшін қызметкерлер жұмыстан босатылады, ал студенттер білім алушылар қатарынан шығарылады.

Оқу қорпусында және Кәсіпорын аумағында немесе іргелес аумакта қорқытып алушылық, құқық бұзушылық, төбелес фактілері үшін студенттер жазаға тартылады.

Жарғыны, Ішкі тәртіп қағидасын жүйелі түрде бұзған, сабакты себепсіз босатқан, үлгермен және оқығысы келмеген студенттерге Кәсіпорыннан шығаруға дейінгі ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

75. Қасақана материалдық шығын келтірген жағдайда, оның құны айыпты адамнан белгіленген тәртіpte өндіріліп алынады.

7. Кәсіпорын мұлкі

76. Кәсіпорынның мұлкін, құны оның теңгерімінде қөрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

77. Кәсіпорынның мұлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында болмайды.

78. Кәсіпорынның мұлкі:

1) оған Құрылтайшы берген мұліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұліктің (акшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат қөздерінің есебінен қалыптастырылады.

79. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық максаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкі болуы мүмкін.

80. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайши қелмесе,

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

81. Жедел баскарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ак Қесінорың шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Қесіпорынның жедел баскаруына түседі.

82. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел баскару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Қесіпорынға бекіту туралы шешім кабылдаған, Қесіпорында мүлікті өз тенгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

83. Қесіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу - сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жок.

84. Қесіпорын мүлкіне жедел баскару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен жеке меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ак «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 – баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

85. Қесіпорын осы Жарғының 85-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті Құрылтайшының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шыгаруға құқылы.

86. Қесіпорын оған жедел баскару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес иелік етеді.

8. Қесіпорын қызметін қаржыландыру

87. Қесіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет каражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

88. Қесіпорын бухгалтерлік есеп жүргізеді және заңнамаға сәйкес есептілік ұсынады.

89. Қесіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия заңнамада белгіленген тәртіpte тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

90. Қесіпорынның оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жок.

91. Қесінорың Құрылтайшының келісімінсіз мүлікті сата алмайды, жалға бере алмайды, кепілге қоя алмайды.

92. Қесіпорынды қаржыландыру Тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен республикалық және жергілікті бюджет есебінен алынған смета шығыны негізінде жүзеге асырылады.

93. Кәсіпорын қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттен тыс қаражатты тарту мақсатында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру (кәсіптік және техникалық білім мамандарын дайындау, қайта дайындау және біліктілігін арттыру) бойынша ақылы білім беру қызметін көрсетуге құқылы.

94. Кәсіпорын оку-өндірістік шеберханаларда, оку шаруашылықтарында және оку полигондарында шығарылатын өз өндірісінің өнімдерін сатуға құқылы.

Егер кәсіпорынға кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс Кәсіпорын мұқтаждығына жұмсалады.

95. Кәсіпорынның оку-материалдық базасын дамыту бюджеттік ассигнациялау және меншікті бюджеттен тыс қаражат шегінде жүзеге асырылады. Осы қаражат есебінен оку максатына да, халық тұтынатын өнімді, тауарды өндіру үшін де және осы жарғыда қарастырылған басқа да қызметтер үшін шикізат, материал, жабдық сатып алу жүзеге асырылады.

96. Кәсіпорын мен Құрылтайшы, Кәсіпорын мен Тиісті саланың уәкілетті органы, Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы қатынас қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асады.

97. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды қорпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

98. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес жүзеге асырады.

99. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қөрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп кағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі.

100. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және тиісті саланың Уәкілетті органдың келісімі бойынша шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандарттарға және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

101. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

102. Кәсіпорынның кредиторлардың талабын канагаттандыруға қаражаты жеткіліксіз болса, оның міндеттемелері бойынша мемлекет жауап береді.

103. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Кәсіпорынның таратылуын қоспағанда, оның қалған мүлкін өндіріп алуға жүргінуге жол берілмейді.

104. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған қезде, оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

105. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу корының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың Уәкілетті органы белгілейді.

106. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметкерлерге, мемлекеттің бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

107. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартка сәйкес айқындалады.

108. Қызметкер мен Кәсіпорын арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

109. Оқытушылардың жұмыс уақыты сабак, үйірме, секция және басқа да іс -шаралардың негізгі және қосымша қестесімен айқындалады. Жылдық оку жүктемесі жыл басына тарификациялық тізімді бекіту жолымен белгіленеді және педагогтардың жылдық жалакысын айқындастын негізгі құжат болып табылады. Сабактан бос жұмыс күндері оқытушылар өзін-өзі дайындаумен, өз жұмыс орнын жетілдірумен, әдістемелік жұмыспен айналысады, студенттердің ата-анасымен кездеседі.

110. Ауысып жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс уақыты заңнамада белгіленген норма шегінде бекітілген кестеде айқындалады.

111. Қалған қызметкерлердің жұмыс алтасының ұзактығы қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

112. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

113. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

114. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды Құрылтайшы жүзеге асырады.

115. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан қейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

116. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан қейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, жергілікті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

117. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Тиісті саланың уәкілетті органының ұсынысы бойынша Құрылтайшысы енгізеді.

Прошито, пронумеровано
и скреплено печатью
37 листов

